

2013 жылы Астана қаласының мәдениет саласын дамыту қорытындысы туралы ақпарат

Қазіргі таңда мәдениет мекемелері мен кәсіпорындарының желісі төмендегідей:

Объектілер саны – 69 бірлікті құрайды (республикалық маңыздағы объектілерді есепке алғанда).

Соның ішінде: Кітапханалар – 24, клубтар мен мәдениет үйлері (сарайлар) – 7, Мұражайлар – 7, Театрлар – 7, Кинотеатрлар – 6, Галереялар – 4, Саябақтар – 7, Концерттік ұйымдар – 3, басқалары – 4.

Өткен жылы елордамыздың мәдени өміріндегі маңызды оқиғаларының бірі «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының ашылуы мен 21 қазанда өткен Д. Вердидің «Аттила» операсының қойылымы болды.

Астана қаласының Мәдениет басқармасы тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттау, қаланың мәдениет және өнер саласының бәсекелестік қабілетінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету, елорда қонақтары мен тұрғындарының мәдени өмірін байыту бағытындағы қызметті жүзеге асырады.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау аясында Қазақстан Республикасының заңын сақтауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады.

Жыл бойы жылжымайтын материалдық тарихи-мәдени құндылықтарға кезеңдік тексерістер жүргізіліп, нәтижелері тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау бойынша қалалық комиссия отырыстарында қарастырылды.

Қала мұражайларында мұражай заттарына қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта архитектура және қалақұрылысы ескерткіші «Жастар» сарайын қайта құруға дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

2014-2015 жылдарға ХІХ ғ. соңында салынған ер балаларға арналған мұсылман мектебінің жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жоспарланды.

Заңды және жеке тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетулер Тізіміне сәйкес, Мәдениет басқармасы уақытша әкетілетін мәдени құндылықтарға құқық беру қызметін көрсетеді.

2013 жылы әкетілетін заттарға 290 сараптау қорытындысы ресімделді, соның ішінде: 20 зат мәдени құндылыққа ие, ал 270 заттың мәдени құндылығы жоқ.

Қала мұражайларында 2013 жылы 4004 іс-шара өтті, оған 176 901 адам қатысты.

2013 жылдың маусым айында «Атамекен» Этно-мемориалдық кешенінде «ИКОМ Қазақстан» халықаралық мұражайлар комитеті құрылды, аталған жобаны іске асыру барысында әлемнің алдағы қатардағы мұражайлар орталықтарымен Қазақстан мұражайларының халықаралық ынтымақтастығы үшін кең мүмкіншіліктер ашады.

Осыған орай мәдени әлеует, оның ішінде туризмді дамыту, тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттау, республика мен елорда абыройын көтеретін мәдени әлеуеті сақталады.

Мәдениет және өнер саласының бәсекелестікке қабілеттілігінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету мәдениет кәсіпорындарының театрлық-концерттік қызметін жақсартуға ықпал етеді.

Музыкалық өнердің барлық жанры репертуарлық балансын сақтауға мүмкіндік тудыратын ***Мемлекеттік филармония жарнамасында ұсынылған.***

Филармония 2013 жылы барлығы 451 концерттік іс-шара өткізді, соның ішінде 15 гастрольдік концерттер, соның ішінде шетелде 7.

Алғашқы қойылымдар деңгейін өткен жылдардағы жетістіктерімізді сақтау мақсатында есеп беру кезеңінде театрларда келесі жұмыстар өтті.

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында 8 премьералар өтті: «Күн сәулесі түспеген», «Қыз Жібек», «Таңғажайып планета», «Бір кем дүние», «Үкілі жұлдыз», «Абылай ханның арманы», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Үміт».

М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрында 5 премьералар өтті: «Тот, майор и другие», «Последнее причастие», «Дикарь. Третье слово», «Ромео и Джульетта» и новогодняя сказка «Как котенок Новый год спасал».

Жастар театрында 2 премьералар өтті. 10 наурызда «Көк пен жердің арасы» спектаклі, 18 наурызда «Асауға тұсау».

«Наз» театрында 2013 жылы 30 қаңтарда «Мың бір түн» ертегі бойынша «Мың бір түн» хореографиялық спектаклдің премьерасы өтті.

Көңілді тапқырлар театры мемлекеттік мерекелерді тойлау шеңберінде көрермендерге эстрадалық миниатюралар мен мерекелік бағдарламаларды өткізді.

Қуыршақ театры 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне «Мен сияқты жаса» қойылымын өткізді, 4 шілдеде Р. Киплингтің «Маугли» шығармасы бойынша «Ана құдыреті» спектаклінің премьерасы, 20 қыркүйекте «Арыстан патша» спектаклі өтті.

Бейбітшілік және келісім сарайы сахнасында «Жерұйық» рок-операсының премьерасы өтті.

Шығармашылық кеңестің жұмысында *театрдың барлық қойылымдарының деңгейін қамтамасыз етуге* ықпал ететін репертуарлық саясаттың мәселелері қаралады; декорацияның эскиздері мен спектакльдердің костюмдері және республикалық және халықаралық фестивальдарға қатысу және т.б шығармашылық мәселелер талқыланып бекітіледі.

Есеп беру кезеңінде театрлар 1 034 спектакль қойды, 19 премьералар өтті; көрермендер саны – 217 000 адамнан астам.

Астана имиджін халықаралық және республикалық деңгейде мәдени орталық ретінде көтеруге 2013 жылы ұйымдастырылған іс-шаралар өз септігін тигізді.

Мемлекеттік филармония, Астаналық цирк және қала театрларының шығармашылық ұжымдарының шетелдегі гастрольдері үлкен жетістікпен өтті. 2013 жылы ұжымдар Франция, Италия, Түркия, Ресей, Украина көрермендеріне өз өнерлерін көрсетті.

Осы уақытта Астана қаласында шетел өнер қайраткерлерінің қатысуымен іс-шаралар өтті: Ресей халық әртісі Денис Мацуевтің «Astana Piano Passion» бірінші халықаралық байқауы; «Азия жаңғырығы» халықаралық цирк өнері фестивалі, фестивальға Ресей, ҚХР, Маңғол, Италия, Польша, Қырғыз, Өзбекстанның цирк ұжымдары қатысты. С. Безруковтың «Сирано де Бержерак» спектаклі; ҚазҰӨУ Орган залында «Lissentous» симфониялық оркестрдің концерті; Астанада Санкт-Петербург қаласының мәдениет күндері шеңберінде орыс халық аспаптары оркестрінің концерті; Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның 10 жылдығына орайластырылған «Мәдениетті жақындастырудағы халықаралық онжылдықтың инаугурациясы» Халықаралық форум шеңберіндегі өнер шеберлерінің концерті, «Три сестры», «С наступающим...», «Враги. История любви» спектаклдерімен «Современник» театрының гастролі; «ISDS-2013» көше биі Халықаралық фестиваліне әділқазы ретінде АҚШ, Германия және Франциядан осы бағыттағы танымал өкілдер шақырылды; Лилль қаласының (Франция) ұлттық оркестрінің концерті, Оңтүстік Кореяның «Maestri» ерлер хорының концерті, Астаналық цирк манежіндегі алдыңғы қатардағы цирк ұжымдарының гастролдері.

Өткен жылдағы маңызды іс-шаралардың бірі Қазақстандағы Франция елшілігімен Астана қаласының әкімдігі ұйымдастырған «Наполеон, Өмір, аңыз» көрмесі болды. Ашылу салтанаты Тәуелсіздік сарайында 19 желтоқсанда өтті.

2013 жылы Астанада қала тұрғындары мен қонақтарына барлығы 7 404 іс-шара өтіп, оған 2,8 млн. адам келді.

Қазіргі уақытта Астана қаласында өтетін ЕХРО – 2017 Дүниежүзілік көрмені өткізуге үлкен дайындық жүргізілуде. Аталған жұмыс мәдениет саласының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оқыту, мекемелерді материалдық-техникалық жабдықтауды, бар репертуарды байытуды болжамдайды.

Алдағы кезеңге қойылған міндеттер

1. Тарихи және мәдени мұраны ары қарай сақтау. Тарихи-мәдени мұра объектісін сақтау мақсатында Жасыл мешітті қорғандау бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары, М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс театрына ағымдағы жөндеу.

2. Астана қаласында өтетін ЕХРО – 2017 Дүниежүзілік көрмені өткізуге дайындық жоспарының іс-шарасын іске асыру.

3. Еліміздің және елорданың келбетін көтеру бағытында жұмыс.

4. Оқиғалық іс-шараларды ұйымдастыру.

5. Салауатты, белсенді өмір салтын идеологиялау, заңға бағынушылық, құқық түсінушілікті жетілдіруге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

**Мәдениет басқармасының
басшысы**

Б. Мажағұлов